



Бекітемін

Мектеп директоры:

М.Изатуллаева

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебі ата-аналарға психологиялық кеңес

.2021-2022 оқу жылы

"Үш-ақ нәрсе - адамның қасиеті. Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек" АБАЙ.

Адам баласы — өмір бойы психологиялық көмекке зәру болмақ. Өсірсек, оның нәрестелік, сәбілік, балалық шақтарында, тіпті ауадай қажеттілік деп айтсақ та болады. Бірақ біз өмір сүрген бұрынғы қоғамда, адамның психикасын тәрбиелеуге еш уақытта мән берген емес. Соның салдарынан балабақшаларда да, мектептерде де, тіпті жоғары оқу орындары мен адамның қызмет істейтін орындарында да, адамның психологиялық тәліміне көніл аударылмады. Мұндай надандылықтын адамдарға тараттырған азабы да аз емес. Осындағы қалыс тәрбиенің ауыр кемшіліктегін ескере отырып, азды-көпті психологиялық көмектің қасиеттеріне тоқталуды жөн көрдік.

Психологиялық көмектің бағыттары.

Бала атаулының бойындағы біртіндеп қалыптасатын психологиялық ауыр өзгерістер мен невроздың негізгі себепкери, жалпы бала тәрбиесінен хабары шамалы, ал бала психологиясы дегенді естіп көрмеген ата-аналардың үкімді де, сорақылыққа толы қатыгездіктерінен екенін ашып айтқымыз келеді. Олардың көпшілігі бала тәрбиесінің қын да қызық сәттерін іздең үйренудің орнына, тек жазалау, қорқытып-ұрқітумен ұстағанды билетіндіктерімен шектелетіндіктері белгілі. Тіршілік тартыстарына енді келген сәбілер үшін, бұл атап өте алмастай ауыр күйзелістерге апарады. Айта берсе, үлкендер тарапынан болатын декір де дәрекі қылыштар толып жатыр. Ең бірінші психологиялық көмектің бағдары — осындағы жағдайларға тап болған балалардың ауруға шалдыға бастаған психикасын сауықтыру болып табылады. Осымен катар, жүргізілетін екінші бағыт — тез арада ата-аналар мен бала тәрбиесіне қатысты үлкендердің арасында жүргізілетін психологиялық көмектерді атауға болады. Мұның өзіне тән әдістері де толып жатыр. Үлкендерге бала психикасының мән-жәйі туралы түсінік беру, оны мұқалтпаудың маңызы жайлы, психологиялық тәрбиelerді үйретудің жолдарын — кітаптардан, кинофильмдерден, арнайы жасалынған окулық фильмдерден — терендей талдап көрсету арқылы, ата-аналар мен үлкендердің бала тәрбиесіндегі қатыгездікте

тыйылудын талап ету

Осылайша, жас баланың психикасындағы ауыр өзгерістер мен қорқыныштардан туындастын, оның жан дүниесіндегі жапа шегушіліктің зардабымен қатаң да жедел күресетін мезгіл жеткен сияқты. Сөз жоқ, мұндай жағдайды ата-аналардың көпшілігі білмегендіктен істейтінін де ескеру керек.

Жалпы бала психологиясына белгілі психикалық ауыр әсерлердің түрлерін атап өтсек; бірінші, баланың жігерін жасытатын үкімді баға беру (мысалы, "Сен ойнай білмейсің", "сен дұрыс сөйлей алмайсың" деген сияқты кесімді үғымдардың әсері жаман). Осыдан

кейін, баланың тауы шағылып, талабы кайтып қалатындығы анық. Тіпті, оған бұдан былай ойнаудың да, сөйлеудің де қынадай беретіні рас. Сәбілерді үнемі көтермелей жетелеп тәрбиелеудің психикалық мәні зор.

Екінші сэт, баланың істеген әрекеттеріне теріс те, зілді баға берумен коса, оның жеке басының намысына тиетін сөздер айту. Мәселен, "Сен ойнай білмейтініңмен коса, мақтаншаксың, етірік мақтанасың" деудің әсерімен, баланың бүкіл жан-дүниесін терең жараплауға әбден болады. Сондықтан да, балалардың іс-әрекеттерін дұрыс бағаламау, тәмендетіп бағалау арқылы, оның қалыптасу қабілетін тұғылдырумен коса, ұстамдылығы мен парасатына да қаяу түсіреді. Мұндай әрекеттер баланың өмірдең талпыныстарын бірден токтатып, тіпті тіршілігінен де жиренері хақ. Оның алдындағы армандарын да, сенімдерін де жогалта бастайды. Ушінші бір ыңғайсыз сэт, басқа бір баламен салыстыра бағалаудағы жіберілетін әділестіздік. Мұндай әрекеттер арқылы, баланың бойына қызығанушылық пен өзімшілдікті қалай сініріп алғандарын да байқамай қалады. Міне, тәрбиедегі психологиялық әдістерді білмеудің салдары осындағы аса қызыған жайсыздықтарға әкеп соғады екен. Бұл бала тәрбиесіндегі кезек күттірмейтін мәселе дегіміз келеді.

Психологиялық түзету.

Адам баласы өзінің тіршілік ғұмыры ұзақ па, әлде қысқа ма бәрібір, оның биологиялық және психикалық қуат күшінің аса мол коры, сонау нәресте кезінен бастап жинақталуға тиісті. Ондай мол қуат бала болмысында, тек еркін де жасқанбай жігерлі өскенде ғана жетілмек. Ата-ананың қайырымы да, төзімді тәрбиelerінің арқасында, баланың көңіл-күйі мен түйсік-сезімдерінің қанағаттануы ғана емес, сонымен қоса оның интеллектісінің де еркін дамуына мүмкіндіктер алады. Түсінікен ортада тәрбиеленген балаларда ғана аса төзімді де жігерлі психика қалыптасатыны белгілі.

Жоғарыда айтылғандай, сәби шағынан психикасы катты дерекіліктерге ұшырап, үлкен зардал шексе, ондай балалардың психикасын орнына келтірудің өзі қиямет киындықтарға соқтырады. Тіпті, ондай балалардың көңілділігі неврологиялық клиникада жатып та емделеді. Жалпы, мұндай балаларға психологиялық түзету жасаудың жолы, қанша ауыр болғанмен де, әртүрлі әдістерді қолданып көмекке келмей болмайды.

Сонда, ең әуелі мұндай жағдайда не істеу керек?

Бәрінен бұрын баланы жайына калдырган жөн.

Әрине мұндай кенес, ата-ананың көңілін алакүйін етіп, не істерін түсінбей абыдараты да, тіпті көңілдері калғандай өкпе-наздарында айтқызыбак. Бірақ, басқа істер шара жок. Егер, тән құрылышы жарақаттанса, оны тыныштандырып жатқызууды ата-ананың өзі де біледі. Осы тәрізді, жан дүниесі жарақаттанған балаға да, керегі тек кана белгілі уақытқа дейін тыныштық екенін түсінуіміз керек. Үлкендер жағы өзінің қателіктерін дереу мойындауымен қоса, мұндай сәттегі тәрбие берудің әдістерін үйренгенше, баланы тыныш калпында қалдырганнан артық шара жок. Міне, осы кателігін өзгертуі — психологиялық түзетудің пәрменді бір тетігі болып табылады. Әрине, мұндай бетбұрыс ата-ана мен тәрбиеге қатысы бар үлкендерге де оңай емес. Бірақ, баланың келешегі үшін ешқандай мәймәнкесіз, дереу ұстамдылық пен мейірімділікке ауысу қажет. Ендігі жерде, бала мен ата-анасының түсінікен достық қатынастары ғана істің жайын анғара алады. Осының бәрін табиғи қалыпта дамытуды ескерген жөн. Әйтпесе, кесеудің екінші басын қалған тәрізді, тағы да мандайына андаусыз соққы тиоі ғажап емес. Сондықтан, бала тәрбиесіне жас қосылған ата-аналар кәдімгідей-ақ дайындалмай болмайды. Шындал келгенде, адам тәрбиесінің қырсырынан қызын өнердің болуы мүмкін емес. Оның қажеттігін қабілетіңе карай емес, тыныстауына қажет ауадай міндетті түрде игеруін керек.

Мұндай өзгерістер мен игерулердің жалпы жағдайы, мәлшермен тәмендегідей сипатта болуы мүмкін:

1. Баланы міндетті түрде тәрбиелеу керек. Ал, қайыра жаңа көзқараспен тәрбиелеу үшін, үлкендер жағы үзілді-кесілді өздерін тексеруі қажет. Баланың келешегіне керек ендігі тәрбие, соншама үлкен тазалықты талап етеді.

2. Егер үлкендер жағы, өзін-өзі баланың ынғайына орай өзгерте алмаса, ары карай баланы тәрбиелеуден өз ықтияларымен бас тартқан дұрыс.
 3. Ешқандай күш көрсету тәлімін жүргізу болмайды. Бұл баланың келешегін сыйндыру мен құрту деген сөз.
 4. Үлкендердің катандығы мен қатыгездігі арқылы баланы жасытып жөндеймін деу, барып түрған надандық.
 5. Тек қана мейірім мен сүйіспеншілік, екі жақты да адамдық сипатқа жеткізетінін бірден үккан жөн.
 6. Психологиялық түзету жүргізетін кезеңдердің бәрінде де, басынан бастап, тек қана төзімділік керек! Тәрбиелік іс-әрекет үстінде — сабырлы ілтипат, салқындылық, ұстамдылық қажет.
 7. Баланың саналы түсінгендігіне сенім көрсете отырып, өзара қарым-қатынастың жетістігі дәлелді де, мазмұнды болғаны дұрыс. Жеткен жетістіктер әділетті бағаланғанымен, тым асыра мадақтаудың да орын алмауын қадағалау есте болсын. Артық айтқан мақтау сөз, ешқашанда жақсылық әкелмейді.
- Осылайша, психикалық зардал шеккен балаға психологиялық түзетулер жасаудың жолдары көп. Біздер келтірген баска да, толып жатқан тәсілдердің болуы әбден мүмкін. Бұл жағдайды азды-кепті сөз етуді, жас ұрпақтың тәрбиесіндегі соңғы жылдарда ерекше белен алғып отырған психикалық зардалты ескертуді парыз санадық.

Психигиена өмір талабы.

Қазіргі тұрмыс-тіршілігімізде, әсіресе тұрмыстық жағдайда, эмоциялық дауылдар мен кездейсоқ керағарлықтар тым көбейіп отыр. Бүгінгі тандағы ұрпақ тәрбиесін қынданып отырған негізгі себептердің бірегейі деуімізге әбден болады. Оның үстіне әлеуметтік және педагогикалық керағарлықтар да аз емес. Осыдан келіп, баланың психикалық зардал шегушілігіне ұшыраудамыз. Мұндай жұлын-жүйкенің тозуы мен жан дүниенің жарақаттануы сиякты жаңа ұғымдарды ескермесе болар емес. Ол ушін, ең әуелі үлкендердіңде, кішілердің де өзара қарым-қатынастарындағы үндестікке ұмтылып, оны сауықтыру мен тәрбиелеу жолдарының пәрменді тәсілдерін қарастыру аудай қажет болып отыр. Бұл әлеуметтік те, мемлекеттік те, аса үлкен жұмыс?! Есік тәртіппен көзжұмбакқа салуға келмейді. Қоғамдағы осындай жан-дүниенің зардабынан көмекке келер ілім — жалпы гигиенаның бір бұтағы болып жетілген — психогигиена екенін атап айтқымыз келеді. Психогигиенаның құнделікті тіршілігіміздегі ең бір көп тараған түрі — адамдардың қарым-қатынастарындағы психогигиенаны ерекше атап өткенді жөн көрдік. Қарым-қатынастағы психогигиена — үлкен мен кішінің, ерек пен әйелдің, ата-ана мен баланың, туыс пен тұғанның, көрші мен ауылдастың, айта берсе толып жатыр, осы айтылған қарым-қатынастардың өмірдегі көріністері сан алуан сапада кездесе береді. Көптеген жағымсыз жағдайлар да, осы қарым-қатынастардың адамшылық, қасиеттерді сақтамаудын туындал жатады. Ендеше, адамдардың қарым-қатынастарындағы психогигиена сақтау ережелері де — психологиялық көмектін бір түрі болып есептелінеді. Оның ең негізгі бабы — "Бұлдірмеу!" болып табылады.

Бірінші ережесі — бүкіл өзіннің болмысын мен күлгінін — осы "бұлдірмеуге!" бағындыру.

Екінші ережесі — бірінші ереженің жалғасы тәрізді, осы "бұлдірмеу!" бабын таратада отырып, адамдардың санасындағы өзін-өзі тежеу қабілеттерін жетілдіру деген сөз.

Ушінші ережесі — егер "бұлдірмеу!" бабы бұзыла калған күнде, одан тараған жайсыздықтарды жоюға әсер ету.

Міне, бала тәрбиесінде имандылық тәрбиелерімен қоса, міндетті түрде психогигиенаның осы үш түрлі ережелерінің баптары да, саналы түрде баланың психологиясында орнығы мен жетілдірін камтамасыз етуіміз керек. Бұлар сәбі мінездерінде неғұрлым ерте қалыптасса, соғұрлым оның санасындағы адамгершілік пен жауапкершілік деңгейі биік болмақ. Сондаға ол өз уақытының елеулі азаматына айналары хақ.

Әйтсе де, мұндай тәрбиелер балаға тек уағыз арқылы сіңбейтіндігін ескере отырып, қоғамдағы естіяр адамдардың, соның ішінде, ата-аналар мен тәрбиешілердің, бүкіл ел-жүртқа белгілі зиялдың қарымның құнделікті тіршіліктерін адамдық парасаттары ерекше байкалуда керек. Міне, осындай алдынғы буыннан үлгі алған ұрпақтың мадақтауға тұрарлық, барлық қасиеттерін жетілдіре беретініне сенуге болады.

Іштей қарама-қайшылық.

Баланың жаңын жаралайтын психологиялық жаман әсерлер үнемі жалғаса берсе, оның ішкі қарсылығын оятып, бірте-бірте тұрақтанған қарама-қайшылықты мінез-күлкін қалыптастырады. Бұдан кейін ол ешқандай психологиялық хабарларды қабылдамайтын күйге ауысады. Жалпы ішкі қарама-қайшылықтары мол адамдар ашуланса да, өкпелесе де, өрекпіп қызынса да өзін-өзі тоқтата алмай ұзак әуреленеді. Мұндай сәттерінде ол мақсатты ой, елеулі қайырымдылық жасау қаперіне де кірмейді. Қайта колындағысын лақтырып, айналасындағысын сындырып, шамасы жеткенді талқандап жіберуге ұмтылады. Осы тұста жанындағы адамдардың бәріне де тіл тигізуден де тайынбайды. Міне, ашулы адамдардың күйлері осындай болмақ.

Ал, адамның көніл-күйі екінші бір жайсыз жағдайда болғанда да, мәселен, қызғану мен көре алмаушылықтың күйіне ауысқанда да, жанындағылардың бәріне сенімсіздікпен қарап, өзінен-өзі секемденіп сергелденіп мол іштей қарама-қайшылықтарға ұрынады. Бұндай жайсыз жағдайлар, адамды физиологиялық эффектілік күйге де түсіреді. Ол мұндай күйде өзінің не істеп, не қойғанын байқамай да қалады.

Сондықтан адам атаулы ол үлкен бе, жоқ әлде кіші ме бәрібір, өзара қарым-қатынастарында аса ұстамды да, мейірімді болуға ұмтылу қажет. Адамды ашуландырып көніл-күйін бұзу қаншалықты онай болса, ал оны жадыратып қайыра жақсы жағдайға түсіру, соншалықты қын екенін естен шығармаған жөн.

Әр адам осындай әділетсіздіктің бар екенін іштей түсініп, оған саналы тұрде қарсы шаралар жасауды ұмытпаса, түптің-түбінде үлкен жетістіктерге жетіп, өзінің адамдық құш-қуатын да сезіне бастайды. Бірте-бірте ол жаман көніл-күйдің күлі болудан да құтыла алады. Өзінің барлық іс-әрекеттерін ашудан бұрын ақылға жендіретіндегі жағдайға ауысады. Міне, дер кезінде жүргізілген психогигиенаның құдіреті мол, шарапаты да осы болса керек. Оның үздік жақсылықтарға қол жеткізер тусы, бүкіл ел болып мәдениетті тіршіліктің негіздеріне ұмтылумен жасалынатынын ұмытпауымыз керек. Сондаға өміріміз өркенді де көнілді болмақ. Керек десеніз қоғамға қажет бақыт жолы да осы.

Дайындаған пед-психолог:

Г.Даданов